

Н.Н. Ескендір, К.Т. Таттымбетова, А.Б. Жумашева

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: esk\_nesip@mail.ru)*

## **Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының ағымдағы жағдайы және оны реттеуде туындайтын мәселелерді талдау**

Мақалада еліміздегі еңбек нарығының ағымдық жағдайын бағалау көзделген, осыған байланысты макроэкономикалық көрсеткіштерге талдау жасау Қазақстан Республикасының экономикасының тәуелсіздік жылдарда, яғни 1991 жылдан бастап бірқалыпсыз дамығандығын, ал 2000 жылдан бастап экономикалық өсудің оң динамикасы өскендігін көрсетті. Жалпы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін еңбек нарығы көптеген өзгерістерге ұшырады. Халықтың экономикалық белсенділік деңгейі көтерілді, жалпы экономикада жұмысбастылар саны өсті, жұмыссыздық деңгейі (әсіресе жастар арасында) төмендеді, жұмысбастылық құрылымында өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың үлесі төмендеді, елде нақты еңбекақы өсімі байқалады, экономика салалары бойынша, секторлары (мемлекеттік және жеке сектор, ресми және бейресми сектор) бойынша жұмысбастылық құрылымында өзгерістер болды. Жұмысбастылықты қамтамасыз етуде біртіндеп кіші және орта кәсіпкерліктің, қызмет секторының рөлі нығаюда. Сонымен қатар авторлар Қазақстан Республикасында еңбек нарығының жалпы жағдайын сипаттау мақсатында еңбек нарығының және оның салыстырмалы көрсеткіштеріне талдау жасап, экономикалық белсенділік деңгейі анықтаған. Осы талдаулар еңбек нарығында туындайтын мәселелерді анықтап, еңбек нарығының қазіргі жағдайын сипаттайтын факторларды келтіруге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында Қазақстанның әртүрлі аймақтарында еңбек ресурстарының ұдайы өсуінің демографиялық ерекшеліктеріне байланысты ерекше түрлері бар екендігі анықталды.

*Кілт сөздер:* еңбек нарығы, жұмыссыздық, макроэкономикалық көрсеткіштер, белсенділік деңгейі, ЖҰӨ, жұмысбастылық, экономикалық даму, бейресми жұмысбастылық, инфляция, еңбекақы.

Еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылында еңбектің ұлттық нарығы көптеген өзгерістерге ұшырағанын байқаймыз, яғни халықтың экономикалық белсенділік деңгейі көтерілді, жалпы экономикада жұмысбастылар саны өсті, жұмыссыздық деңгейі (әсіресе жастар арасында) төмендеді, жұмысбастылық құрылымында өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың үлесі төмендеді, елде нақты еңбекақы өсімі байқалады, экономика салалары бойынша, секторлары (мемлекеттік және жеке ресми және бейресми секторлар) бойынша жұмысбастылық құрылымында өзгерістер байқалды. Жұмысбастылықты қамтамасыз етуде біртіндеп кіші және орта кәсіпкерліктің, қызмет секторының рөлі нығая түсті.

Елімізде 90-жж. басында жұмыс орындары күрт төмендеп, жұмыссыздық деңгейі жоғары болды. Халықтың сыртқы эмиграциясы өсіп, жұмыс күшінің сапалық сипаттамасы төмендеді: экономикалық белсенді емес халықтың үлесі, өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың үлесі өсті.


2000 жж. басында шикізаттарға әлемдік бағаның көтерілуі нәтижесінде Қазақстанда халықтың экономикалық белсенділігі мен жұмысбастылығы артты. Өнеркәсіп пен құрылыста жұмысбастылар саны өсті. Ауыл тұрғындарының табыстары деңгейінің төмендігінен және ауылды жерлерде өмір сапасының нашарлауынан қалаға көшіп-қону есебінен ауылшаруашылығында жұмысбастылар саны қысқарды. Қызметтер өндірісі жаңа жұмыс орындары құрылатын және жұмысбастылық өсетін негізгі сала болатын және болып қалады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі төмен және бұл көрсеткіш экономикалық өсу қарқындарының циклдік құбылуына нашар әсер етеді. Бұл бір бөлігі экономиканың бейресми секторында жұмыс істейтін өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың тобы түрінде «амортизатордың» болуымен байланысты. Олардың бір бөлігі өнімсіз жұмысбастылықпен қамтылған: жанұяның негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге әрең жететін төмен табыстар, маусымдық жұмыстар, тұрақсыз еңбек ақы. Алайда өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың үлесі біртіндеп төмендеуде, бірақ аймақтық шекте олардың үлесі жоғары аймақтар (Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан аймақтары) бар. Сондықтан Қазақстанда жұмысбастылықты қолдау саясатында өнімсіз жұмысбастылардың үлесін төмендетуге көңіл аудару керек.

Соңғы жылдарда жастар жұмыссыздығы мен әйелдер арасында жұмыссыздық деңгейі төмендеді, алайда еңбек нарығында жастық және гендерлік кемсітушілік мәселелері әлі күнге сақталып келеді. Жастар жұмысбастылығын ынталандыру үшін, мемлекеттік қолдау шаралары (еңбек ақыны субсидиялаумен жастар тәжірибесі, ақысыз негізгі кәсіби білім алуға қолдау жасау, тағылымдамадан өтуге көмектесу) қарастырылған.

Мүгедектерді жұмысбастылықпен қамтамасыз ету мәселелері де қазіргі таңда күрделі болып тұр. Қазақстанда жұмысбастылықты қолдау саясатында мүгедектерге жұмыс орындарын құруда жұмыс берушілерді ынталандыру бойынша шаралар (еңбек ақыны субсидиялау, салықтық жеңілдіктер) қарастырылуда.

Соңғы жылдарда экономикалық даму және оның жұмысбастылыққа әсерін талдайтын болсақ, тәуелсіздік жылдарда 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасының экономикасы бірқалыпсыз дамыды. 1991–1999 жж. атаулы ЖІӨ үштен бір бөлігіне ( $\frac{1}{3}$ ), яғни 24,9-дан 16,9 млрд АҚШ долл. дейін төмендеді. 2000 жылдан бастап экономикалық өсудің оң динамикасы байқалады – атаулы ЖІӨ 1999–2013 жж. 14 есе, яғни 243,8 млрд АҚШ долл. дейін өсті (2009 жылды қоспағанда, бұл жылы атаулы ЖІӨ 13 %-ға төмендеген). 2014 және 2015 жж. атаулы шамада ағымдағы ЖІӨ сәйкесінше 227,4 және 184,4 млрд АҚШ долл. дейін төмендеді (1-сур.).



Ескерту. [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

1-сурет. 1991–2015 жж. Қазақстанның атаулы ЖІӨ динамикасы, ағымдағы бағаларда ЖІӨ, млрд АҚШ долл.

1991–1995 жж. Қазақстанның нақты ЖІӨ мәнді қарқындармен төмендеді (жылына 5–13 %), 1996 жылдан бастап экономикалық өсу оң қарқында болды, бірақ 1998 ж. нақты ЖІӨ 2 %-ға дейін төмендегені байқалады. 1999 жылдан бастап Қазақстан экономикасы 13 %-ға дейін жылдам өсіп, 2001 ж. бұл қарқын 9,8 %-ға дейін төмендеген және 2006 жылға дейін жылына шамамен 10 % деңгейінде қалды. 2007 жылдан бастап өсудің нақты қарқыны 1,2 %-ға дейін төмендеп, 2008 жылдың екінші жартысынан бастап әлемдік қаржылық дағдарыс салдарының әсерінен 2009 ж. төмендеген. 2010–2011 жж. 7,2 % қарқынмен ЖІӨ-нің жандануы мен өсуі байқалады. Өсудің бәсеңдеуі 2012 ж. басталды, 2013 ж. шамалы жандануынан кейін, 2014 және 2015 жж. нақты ЖІӨ сәйкесінше 4,1 % және 1,2 %-ға төмендеді. 2015 ж. нақты ЖІӨ-нің өсу қарқынының төмендеуіне ЖІӨ құрылымында үлесі  $\frac{1}{4}$  бөлігін құрайтын өнеркәсіп секторы негізгі үлесін қосып отыр. Нақты ЖІӨ өсуінің динамикасы сыртқы шикізат нарықтарының жағдаятына (мұнай, металдарға әлемдік бағаларына) қатты байланысты.

Қазақстанның ЖІӨ құрылымында 1991–2015 жж. келесідей өзгерістер орын алды: тауарлар өндірісінің үлесі 66 %-дан 36 %-ға дейін біртіндеп төмендеген, ал қызметтер секторының үлесі 37 %-дан 59 %-ға дейін өскен [2].

ЖІӨ құрылымында өнім мен импортқа таза салықтар құбылмалы: олардың үлесі 1991 ж. 4,5 %-дан 2002 ж. 7 %-ға дейін өсіп, содан кейін 2004 жылға қарай төмендеген, 2007 ж. дейін қайта өскен. Таза салықтар үлесі әрі қарай 2009 және 2010 жж. күрт төмендеп, 2011 ж. 9 %-ға қайта өскен. Салықтар үлесінің бұл өсімі есеп әдістемесінің өзгерістерімен байланысты.

болды: 2011 жылдан бастап салықтар есебімен байланысты айқындаулар енгізілді. 2015 жылға қарай таза салықтар үлесі 5 %-ға дейін төмендеді.

1991–2015 жж. өндіріс әдісі бойынша ЖІӨ құрылымында келесідей құрылымдық өзгерістер болды: ауыл шаруашылығының саласының ЖІӨ-дегі үлесі 30 %-дан 5 %-ға дейін төмендеді. 1995 жылы құрылыстың ЖІӨ-дегі үлесі 10 %-ға дейін өскен, әрі қарай 1996–2000 жылдары 4–5 %-ға дейін төмендеу байқалады, 2006–2007 жж. құрылыстың қарқынды өсуі оның ЖІӨ-дегі үлесін 9–10 %-ға өсуіне әкелді, 2008–2010 жж. оның үлесі — 8 %-ға, 2011–2015 жж. 6 %-ға төмендеді. Қазақстан өнеркәсібінің ЖІӨ-де үлесі 2000–2001 жж. және 2010–2011 жж. 30–31 %-ға дейін өскен, ал 2015 жылға қарай бұл үлес тұрақты түрде 25 %-ға дейін төмендеген. Қызметтер саласының үлесі, жоғары атап өткендей, қарастырылып отырған 1991–2015 жж. 37 %-дан 59 %-ға дейін мәнді өскен.

Шығындар бойынша ЖІӨ құрылымы 1991–2015 жж. келесідей өзгерістер орын алды: үй шаруашылықтарының соңғы тұтыну үлесі 65,5 %-дан 50,8 %-ға дейін, ал соңғы тұтынуға мемлекеттік шығындар 14,5 %-дан 11,8 %-ға дейін төмендеді [3].


1991–1996 жж. жалпы жинақ 27 %-дан 17 %-ға дейін төмендеп, 2000 жылға дейін төменгі деңгейде сақталған, 2001 ж. 24 %-ға дейін өсіп, 2007 жылға қарай оның үлесі қарастырылып отырған кезеңдегі ең үлкен шама — 30 %-ға дейін өскен, содан кейін 2011 ж. 21,5 %-ға дейін төмендеп, 2015 жылға қарай 23 %-ға дейін болмашы ғана өсті. Шығындар бойынша ЖІӨ құрылымында тауарлар мен қызметтер экспортының көрсеткіші аса маңызды: 1991–1998 жж. тұрақты теріс сыртқы саудалық қалдық болды, 1999–2000 жж. ЖІӨ-нен 7,5 % оң қалдыққа қолжеткізілді. 2011 ж. сыртқы саудалық қалдық қайта теріс болды, бірақ кейін таза экспорт оң мәнге ие болып, 2006 жылға дейін ЖІӨ-нен 10 %-ға дейін өсе бастады. 2007 ж. таза экспорт үлесі ЖІӨ-нен 6,5 %-ға дейін төмендеген, 2008 ж. 20 %-ға дейін күрт өскен, 2009 ж. ЖІӨ-нен 8 %-ға дейін қайтадан төмендеп, 2011 жылға қарай бұл көрсеткіштің өсімі ЖІӨ-нен қайтадан 20 %-ға дейін жеткен, 2015 жылға қарай таза экспорт үлесі 4 %-ға дейін түсіп кетті.

Тәуелсіздіктің екінші ондығы ағымында экономикалық өсудің себепшілері (драйверлері) болып үй шаруашылықтарының шығындары, сонымен қатар тауарлар мен қызметтердің өсіп отырған таза экспорты болды. Үй шаруашылықтарының шығындары тұтыну несиелерінің өсуіне, жоғарыда атап өткендей, сонымен қатар халықтың жалпы әл-ауқатының және нақты ақшалай табыстарының өсуіне байланысты көбейді [4].

2015 жылға алдын ала ақпараттар бойынша экономиканың өсу себептері (драйверлері) мемлекеттік басқару органдарының шығындары мен жалпы жинақ болғанын атап кеткен жөн. Бұған кең көлемдегі мемлекеттік инвестицияны қарастыратын инфрақұрылымдық жобалар мен дағдарысқа қарсы жоспарлардың жүргізілуі септігін тигізді.

1991–1995 жж. бағалар деңгейінің өзгерісі үш және төрт мәнді сандармен берілді, яғни республиканың тәуелсіздікке қолжеткізгеннен кейінгі өтпелі кезеңде және 1993 ж. қараша айында ұлттық валюта – теңгенің енгізілуінен кейін Қазақстандағы гиперинфляция туралы айтуға болады. Сонымен, 1991 ж. ЖІӨ дефляторы жылына 96,4 % құрады, 1992–1995 жж. ЖІӨ құндық құраушы жылына 12–15 есе өскен. 1994 ж. тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) 1877 %- құрады, яғни баға жылына 19 есе өскен. 1995 ж. гиперинфляцияның қарқынын — 176,2 %-ға дейін, ал 1996 ж. 39 %-ға түсіре алды. Содан кейін Қазақстанда инфляция сондай үлкен шамаға жеткен жоқ. 1996–1998 жж. тұтыну бағаларының деңгейі мен ЖІӨ дефляторы сәйкесінше 7 және 5,7 %-ға төмендеді. Соңғы жылдары инфляцияның көтерілуі 2008 және 2011 жж. байқалды.

1991–2015 жж. ұлттық валюта — теңгенің АҚШ долларына айырбас бағамы 1\$-ға 35,5 теңгеден 221,7 теңгеге дейін өсті, девальвацияның үш толқыны болды — 1999, 2009, 2014 жж., 2015 жылдың тамыз айында Қазақстан тұрақты бағамнан құбылмалы бағамға көшті, теңге бағамы күрт төмендеді. Теңге девальвациясының негізгі себептері негізгі экспортталатын тауарларға – шикі мұнай, газ, металдарға әлемдік бағалардың түсуі болды (2-сур.).



Ескерту. [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

2-сурет. 1994–2015 жж. теңге бағамының динамикасы

Қазақстанда девальвация инфляция (ішкі валютада импорт тауарларының қымбаттауы) есебінен халықтың нақты табыстарының өсу қарқынын төмендетті және тұтыну сұранымына жағымсыз әсер етті.

Қазақстан Республикасында еңбек нарығын жалпы алғанда келесідей сипаттауға болады: қазіргі уақытта жұмыс берушілер мен жалданбалы жұмыскерлер арасында әлеуметтік-экономикалық қатынастарды құқықтық қамтамасыз ету тұрақты әрекет етуде және еңбектік қатынастар саласын реттейтін мемлекеттік және мемлекеттік емес институттар құрылған және жұмыс істейді, халықтың жұмысбастылығының дәстүрлі нысандары және де бейстандартты жұмысбастылық та дамуда [5].

Өтпелі кезеңдегі Қазақстанның экономикасы үшін өндірістің үздіксіз құлдырауы тән болды. Өндіріс көлемі 90-жж. бірінші жартысында республиканың барлық аймақтарында төмендетілді, бұл бірнеше себептерге байланысты болды: кеңес уақытында тұрып қалған шаруашылық байланыстарды өзгерту, ақша айналымындағы дағдарыстар және жоғары инфляция, негізгі капиталдың моральды және физикалық тұрғыдан тозуы. Осы жағдайда 1990 жж. жұмысбастылар саны әрдайым 1999 жылға дейін азайып отырды (3-сур.). Қиын бюджеттік тапшылық жағдайында жұмыссыздықты қысқартуға арналған Үкіметтің әрекеттері шектеулі болды.


2000-жж. бастап экономиканың жандануына қарай жұмысбастылықтың қысқару беталысы тоқтап, жұмысбастылар саны біртіндеп өсе бастады.



Ескерту. [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

3-сурет. 1991–2014 жж. жұмысбастылар саны

2000–2014 жж. кезеңінде ҚР экономикалық белсенді халық саны 26,4 %-ға 7107,4-тен 8981,9 мың адамға өсті. Осы кезеңге жұмысбасты халық 37,2 %-ға 6201-ден 8510 мың адамға өскен. Жұмыссыз халық 2000 ж. 906,4-тен 2014 ж. 451,9 мың адамға дейін 2 есе азайған (4-сур.).




Ескерту. [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

4-сурет. 2000–2014 жж. еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

Экономикалық белсенділік деңгейі, жұмысбастылық деңгейі 2000–2014 жж. кезеңінде оң динамиканы көрсетті. Халықтың экономикалық белсенділік деңгейі 2000 ж. 66 %-дан 2013 ж. 71,7 %-ға дейін өскен және 2014 ж. 70,7 %-ға дейін шамалы төмендеді. Жұмысбастылық деңгейі 2014 ж. 87,2 %-дан 95 %-ға дейін өсті (5-сур.).

Қазақстанның еңбек нарығында талданып отырған кезеңде жұмыссыздар саны ғана емес, сонымен бірге жалпы жұмыссыздық деңгейі де (12,8 %-дан 5 %-ға дейін) және жастар жұмыссыздығының деңгейі (16,6 %-дан 4,2 %-ға дейін), ұзақмерзімді жұмыссыздық деңгейі де (7,6 %-дан 2,4 %-ға дейін) төмендеді.



Ескерту. [1] дереккөз негізінде құрастырылған.

5-сурет. Қазақстандағы еңбек нарығының салыстырмалы көрсеткіштері

2000–2014 жж. қалалық жерлерде экономикалық белсенділік деңгейі (66–70 %) ауылға (72–75 %) қарағанда, төмен болды.

Қазақстан еңбек нарығында жағымды өзгерістермен бірге ерекше мәселелер де болып отыр, атап айтсақ:

- бейресми жұмысбастылықтың мәнді үлесі;
- өнімсіз жұмысбастылықтың болуы, әсіресе ауылды жерлерде;
- табыстардың теңсіздігін тудыратын саланың ішінде және салалар арасындағы еңбекақының дифференциациясы;
- жұмысбастылықты қолдау бойынша жүргізілетін шаралар тиімділігінің төмендігі;

– еңбек нарығында гендерлік теңсіздік белгілерінің болуы;  
 – жастар үшін жұмыс орындары сапасының төмендігі;  
 – кәсіби білім беру жүйесінде алынатын білімдер мен қабілеттерінің жұмыс берушінің талаптарына сәйкессіздігі.

Қазақстан еңбек нарығының басты мәселесі — халықтың өз бетінше жұмыспен қамтамасыз ету деңгейінің жоғары болуы (2014 ж. 28,2 %), жұмыскерлер еңбектік шарттармен де, әлеуметтік кепілдермен де қорғалмайтын бейресми жұмыссыздықтың болуы [6].

Зерттеу барысында жалпы Қазақстанда еңбек нарығындағы қазіргі жағдай келесідей факторлармен сипатталатындығын көрсетті:

– Қазақстанның еңбек нарығы теңдестірілмеген: жұмыссыздық кезінде орны толмаған вакансиялар сақталады. Жұмыс күшінің, бірінші кезекте, білікті жұмыскерлер тапшылығы еңбек ресурстар сапасының төмендігінен және өндіріс пен оқытудың (жұмыссыз халықтың үштен бір бөлігінің кәсіби білім жоқ, тек жалпы орта) нақты байланысының жоқтығынан болып отыр.

– Екіншіден, тиімсіз жұмысбастылық сақталып отыр. Жалданбалы жұмыскерлердің шамамен үштен бір бөлігі экономиканың еңбек сиымды салаларында жұмыс істейді, өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың шамамен үштен бір бөлігі өнімсіз жұмысбасты болып отыр, олардың көп бөлігі жеке қоныстарында жұмыс істейді және табыстар көздері — төмен, тұрақсыз, сонымен бірге мемлекетпен және әртүрлі институттармен берілетін қызметтермен, кепілдемелермен жеткілікті мөлшерде қамтылмаған.

– Қазақстан нарығында бейресми жұмысбастылық бар, онда жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау жоқтың қасы, сонымен қатар халықтың өз бетінше қамтылғандардың шегінде де.

– Деңгейінің біраз төмендеуіне қарамастан, жұмыссыздық сақталуда және әйелдер жұмыссыздығының салыстырмалы жоғары деңгейі мен жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламаларымен қамсыздандырудың төмендігі, сонымен қатар жұмысбастылықты қолдаудың мемлекеттік органдарына жұмыс іздеп баратын жұмыссыздар үлесінің аздығын атап кеткен жөн.

– Еңбек ақының салыстырмалы төмен деңгейіне байланысты қосымша жұмысбастылық бар: негізгі жұмыс орны бойынша (ішкі қосымша жұмыс істеу), қосымша жұмыс орны бойынша (сыртта қосымша жұмыс істеу, желілік маркетинг, бірреттік жұмыстар).

– Салалар, аймақтар бойынша, салалар, мемлекеттік және жеке сектор шегінде мамандықтар бойынша еңбек ақының жоғары дифференциациясы байқалады, бұған қоса кейбір салаларда біліксіз және төменгі білікті жұмысшылар, басқа салалардағы жоғары білікті мамандарға қарағанда, жоғары еңбек ақы алуы мүмкін.

Талдау барысында Қазақстанның әртүрлі аймақтарында еңбек ресурстарының ұдайы өсуінің демографиялық ерекшеліктеріне байланысты ерекше түрлері бар екендігі анықталды. Олар:

1. Қазақстанның солтүстігінде – туудың төменгі көрсеткіштеріне және өлімнің салыстырмалы жоғары көрсеткіштеріне байланысты халықтың табиғи өсімі теріс шама және ұрпақтың орнын басу көрсеткіштері – төмен, ішкі және сыртқы миграция бойынша теріс миграциялық қалдық жұмыс күшін ұсынудың төмендеуіне және еңбек нарығында мүмкін тапшылығына әкеледі.

2. Қазақстанның оңтүстігі мен шығысында – туудың жоғары көрсеткішіне және өлімнің салыстырмалы төмен көрсеткіштеріне байланысты халықтың табиғи өсімі оң сипатта, бұл жұмыс күшін, әсіресе жастарды ұсынудың өсуіне әкеледі, жұмысбастылықтың өсуінің төменгі қарқындарында еңбек нарығында жұмыс күшінің тым артықшылығына және салдарынан бұл аймақтардан жұмыс іздеуге кетуіне әкеледі.

3. Астана қаласында – жұмыс күшінің негізгі өсімшесін миграциялық ағымның есебінен қамтамасыз етіліп отыр, бірақ болашақта халықтың, балалар мен жастар үлесі өте жоғары, жастық құрылымы еңбек нарығында жұмыс күшін еңбектік иммигранттардың есебінен емес, халықтың табиғи өсімшесінің есебінен орнын толтыру қарқынын анықтайды.

## Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.stat.gov.kz>.

2 Рынок труда Казахстана–2013: итоговый обзор [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://blog.sadu-kz.com/rubriki/and-its-interesting-and-useful/rynok-truda-kazakhstan-2013-itogovyj-obzor/>.

3 Погода на рынке труда [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://blog.sadu-kz.com/rubriki/and-its-interesting-and-useful/pogoda-na-rynke-truda/>.

4 Дүйсенова Т. Халықтың әл-ауқатын арттыру — мемлекеттің негізгі міндеті / Т. Дүйсенова // Егемен Қазақстан. — 2013. — 23 тамыз. — № 196. — 5, 6-б.

5 Сманқұлова Ж.Е. Еңбек нарығы жағдайында кәсіби оқу орындары – экономикалық жүйенің құрамдас бөлімі / Ж.Е. Сманқұлова // Ізденіс. — 2013. — № 1(2). — 145–147-б.

6 Бердекова Р.М. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының дамуы мен қалыптасу мәселелері / Р.М. Бердекова // ҚазҰУ хабаршысы. — 2011. — № 1. — 68–74-б.

Н.Н. Ескендір, К.Т. Таттымбетова, А.Б. Жумашева

## **Текущее состояние рынка труда Республики Казахстан и анализ проблем, возникающих в его регулировании**

В статье дается оценка текущего состояния рынка труда в стране, в связи с анализом макроэкономических показателей экономики Республики Казахстан за годы независимости, т.е. с 1991 г., когда наблюдаются неравномерное развитие, затем, с 2000 г., увеличение положительной динамики экономического роста. После обретения независимости рынок труда претерпел много изменений. Увеличился уровень экономической активности населения, возросло количество занятых в экономике, ниже стал уровень безработицы (особенно среди молодежи). Доля занятых на рынке труда в структуре занятости снизилась, наблюдался реальный рост заработной платы в стране, в секторе экономики (государственный и частный сектор, формальные и неформальные). Произошли изменения в структуре занятости в этом секторе. Постепенно роль малых и средних предприятий и сферы услуг набирает обороты в обеспечении занятости. В статье также показан уровень экономической активности на рынке труда и его сравнительные показатели, с целью описания общей ситуации на рынке труда в Республике Казахстан. Анализ выявил проблемы, возникающие на рынке труда и позволил определить факторы, характеризующие текущее состояние рынка труда. Исследование показало, что в разных регионах Казахстана существуют определенные типы демографических особенностей, которые отражаются в показателях по трудовым ресурсам.

*Ключевые слова:* рынок труда, безработица, макроэкономические показатели, уровень активности, ВВП, занятость, экономическое развитие, неформальная занятость, инфляция, заработная плата.

N.N. Eskendir, K.T. Tattymbetova, A.B. Zhumasheva

## **The current state of the labor market of the Republic of Kazakhstan and the analysis of problems arising in its regulation**

The article is intended to assess the current state of the labor market in the country, in connection with the analysis of the macroeconomic indicators of the economy of the Republic of Kazakhstan for the years of independence, that is since 1991, uneven development and an increase in the positive dynamics of economic growth since 2000. After gaining independence, the labor market has undergone many changes. The level of economic activity of the population has increased, the number of employed in the economy has increased, the level of unemployment has decreased (especially among youth), the share of employed in the labor market has decreased in the structure of employment, real wage growth in the country, sector of economy, sector (public and private sector, formal and informal) changes in the structure of employment in this sector. Gradually, the role of small and medium-sized enterprises and services is gaining momentum in securing employment. The article also describes the level of economic activity in the labor market and its comparative indicators for the purpose of describing the overall situation in the labor market in the Republic of Kazakhstan. These analyzes revealed the problems that arise in the labor market and allowed to reveal the factors characterizing the current state of the labor market. The study showed that in different regions of Kazakhstan there are certain types of demographic features that are constantly growing in labor resources.

*Keywords:* labor market, unemployment, macroeconomic indicators, activity level, GNP, employment, economic development, informal employment, inflation, wages.

### References

1 Kazakstan Respublikasy Ultyk ekonomika ministrligi Statistika komitetinin malimetteri [Information Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan]. *stat.gov.kz*. Retrieved from <http://www.stat.gov.kz> [in Kazakh].

2 Rynok truda Kazahstana–2013: itohovyi obzor [The labor market in Kazakhstan–2013: Final review]. *blog.sadu-kz*. Retrieved from <http://blog.sadu-kz.com/rubriki/and-its-interesting-and-useful/rynok-truda-kazahstana-2013-itogovyy-obzor/> [in Russian].

3 Pohoda na rynke truda [Weather in the labor market]. *blog.sadu-kz*. Retrieved from <http://blog.sadu-kz.com/rubriki/and-its-interesting-and-useful/pogoda-na-rynke-truda/> [in Russian].

4 Duisenova, T. (2013). Halyktyn al-aukatyn artyru — memleketin nehizhi mindeti [Increase the power of the people — a direct duty of the capital]. *Ehemen Kazakstan – Egemen Kazakhstan, 23 tamyz, No. 196, 5–6* [in Kazakh].

5 Smankulova, Zh.E. (2013). Enbek naryhy zhahdaiynda kasibi oku oryndary – ekonomikalyk zhuienin kuramdas bolimi [Special place of learning the state of the labor market - the part of the economic system]. *Izdenis – Search, 1(2), 145–147* [in Kazakh].

6 Berdekova, R.M. (2011). Kazakstan Respublikasyndahy enbek naryhynyn damuy men kalyptasu maseleleri [Development of the Republic of Kazakhstan in the sphere of economy and problems]. *Kazak ul'tyik universiteti khabarshysy – Bulletin of the Kazakh National University, 1, 68–74* [in Kazakh].